

Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының жанындағы Тұрақты Кеңестегі Қазақстан Республикасының Өкілетті өкілінің және оның аппаратының 2017 жылға арналған шығыстар сметасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 28 наурыздағы № 141 қаулысы

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз.

"Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының жанындағы Тұрақты Кеңестегі Қазақстан Республикасының Өкілетті өкілі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 28 қазандағы № 1664 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының жанындағы Тұрақты Кеңестегі Қазақстан Республикасының Өкілетті өкілінің және оның аппаратының 2017 жылға арналған шығыстар сметасы бекітілсін.

2. Қоса беріліп отырған шығыстар сметасына сәйкес Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының жанындағы Тұрақты Кеңестегі Қазақстан Республикасының Өкілетті өкілін және оның аппаратын 2017 жылы қаржыландыруды 2017 жылға арналған республикалық бюджетте 013 "Халықаралық ұйымдарда, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының жарғылық және басқа органдарында Қазақстан Республикасының мүддесін білдіру" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Б. Сағынтаев

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2017 жылғы 28 наурыздағы
№ 141 қаулысымен
бекітілген

Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының жанындағы Тұрақты Кеңестегі Қазақстан Республикасының Өкілетті өкілінің және оның аппаратының 2017 жылға арналған шығыстар сметасы

Ш ы ғ ы с т а р д ы ң (013 "Халықаралық ұйымдарда, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының жарғылық және басқа органдарында Қазақстан Республикасының мүддесін білдіру" бағдарламасы бойынша)	а т а у ы Сомасы (А Қ Ш долларымен)

1	2
Өкілетті өкілдің және оның аппараты қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу	302400
Өтемақы төлемдері	5400
Міндетті сақтандыру жарналары (көлік құралдары иелерінің міндетті азаматтық-құқықтық жауапкершілігі)	444
Техникалық персоналдың еңбегіне ақы төлеу	21600
Отын, жанар-жағармай материалдарын сатып алу	5292
Өзге де қорларды (кеңсе керек-жарақтары, шаруашылық материалдары және өзге де қорлар) сатып алу	7611
Коммуналдық қызметтерге ақы төлеу	3386
Байланыс қызметтеріне ақы төлеу	7781
Көліктік көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу	3239
Үй-жайды жалға алуға ақы төлеу	135536
Өзге де көрсетілетін қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу (медициналық сақтандыру, автокөлікті сақтандыру)	42739
Ел ішіндегі іссапарлар мен қызметтік сапарлар	944
Елден тыс жерлерге іссапарлар мен қызметтік сапарлар	23931
Өзге де ағымдағы шығындар	4811
Жеке тұлғаларға берілетін трансферттер	7650
Шығыстардың жиыны	572764
Ш ы ғ ы с т а р д ы ң а т а у ы (013 "Халықаралық ұйымдарда, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының жарғылық және басқа органдарында Қазақстан Республикасының мүддесін білдіру" бағдарламасы бойынша)	Сомасы (теңгемен)
1	2
Негізгі жалақы	5400000
Өтемақы төлемдері	2919000
Әлеуметтік салық	194000
Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар	162000
Шығыстардың жиыны теңгемен	8675000